**Хаттама №1**
**«Михаил Русаков атындағы мектеп – интернаты» КММ**
**Қамқоршылық кеңесі отырысы**

17.03.2023 Балқаш қаласы

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. Мектепішілік бақылауда тұрған балалар туралы- әлеуметтік педагог А.Катенова

2. Оқушылардың көктемгі каникулды өткізуі, каникул уақытындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау шаралары - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Д.Махмутова

**Қатысқандар :** Мектеп директоры, директордың тәрбие және оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагог, қамқоршылық кеңесі мүшелері , мектептің ата – аналар комитеті төрайымы , әкелер және аналар кеңесі мүшелері , мектептің кәсіподақ комитеті төрайымы.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Катенова сөз алып биылғы жаңа жылдық мерекеде демеушілер тарапынан ешқандай көмек көрсетілмегені, тек ЖК Р.Каленова «Аяз Ата қоржынына» тәттілер бергенін айтып өтті. Сонымен қатар оқушылар тәртібі бүгінгі таңда қатты қадағалауды талап етеді. Оның ішінде мектепішілік есепте тұрған оқушыларды басты назарда ұстау; Биылғы оқу жылында мектепішілік бақылауда 4 оқушы. Бұл оқушылармен әлеуметтік педагог, психолог және сынып тәрбиешілері үнемі жұмыс жүргізеді. Ата-аналары да назардан тыс қалмайды. Оқушылар мектептің әртүрлі қоғамдық жұмыстарына тартылады.

2. Екінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Д.Махмутова көктемгі каникулдың жақындағаны, енді бірер күнде оқушылар демалысқа шығатынын айтып, осы уақыттарда оқушылардың қауіпсіздік ережелерін сақтау шараларын қатаң бақылауда ұстап , ата – аналардың назарына қою керек деді , және де көктемгі мұз қауіпі бойынша да сыныптарда тәрбиешілер тәрбиелік іс – шаралар өткізіп , жадынамалар тарату жұмыстарын жүргізуде деді. Және де құқық бұзушылықтың алдын –алу жұмыстары да қатар жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

**ШЕШІМ :**

1. Мектепішілік бақылауда тұрған оқушылармен жұмыс қанағаттандырарлық деп саналсын.

2. Көктемгі каникулда оқушылардың қауіпсіздігі қатаң бақылауда болсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Т.Б.Битлеуова
Хатшы Д.А.Махмутова
Кеңес төрайымының орынбасары - Б.Р.Жапарбекова

**Кеңес мүшелері :**

1. Т.Б.Битлеуова
2. А.С. Крюков
3. Б.К. Алибекова
4. А.К. Муслимов
5. А.З.Тажыбаева
6. А. Нұрбекова
7. Ж.А.Беделбаева